# Тақырыптық сұрақ

Мына суреттер ненің бөліктері?





# Елтаңба



- Елтаңба - Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі.



Жандарбек Мәлібеков-1942 жылы К



облысындағы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келді.

Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханов 1932 ж. сәуірдің 26-ында Көкшетау облысының (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы) Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында туған.



# Елтаңбаның суреттемесі

- Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі.
- Түндік — таза көк аспанын бейнелейді. Үш-санды айқыш-ұйқыш келген күлдреуіштер қазақтың үш жүздін бірлігі бекемдігін көрсетеді.

# Елтаңбаның суреттемесі

- Шаңырақтан шыққан уықтар күн арайларын еске салады.
- Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар.
- Төменде таспа белдігінде ірі әріппен **«ҚАЗАҚСТАН»** деген жазуы бар.

# Елтаңбаның суреттемесі

- Тұлпар — дала дүлдүлі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір суретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді.